

Әлиасқар Сұлтановтың атына көше атын беру туралы

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Жаңақорған кенті әкімінің 2010 жылғы 21 желтоқсандағы N 1180 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Жаңақорған аудандық Әділет басқармасында 2011 жылы 18 қаңтарда N 10-7-130 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабының 3-тармағын, "Әкімшілік аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4-тармағын және аудандық ономастикалық комиссиясы мәжілісінің 2010 жылғы 27 қазандағы N 3 хаттамасын орындау мақсатында **ШЕШЕМІН:**

1. Жаңақорған кентіндегі Ипподром-10 көшесі Еңбек Даңқы орденінің иегері "Әлиасқар Сұлтановтың" атындағы көше болып берілсін.

2. Осы шешім әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күшіне енеді, ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі.

КЕНТ ӘКІМІ

А. ИБРАГИМОВ